КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 15 тамыз №4712-25-00-2/2170іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.О.Аташева,
сот отырысының хатшысы А.Джуматовтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Kaz Conveyor Systems» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі М.Қазақ
жауапкер өкілдері А.Баронин, А.Абдрахманов
аудармашы Ж.Манабай

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылы 11 ақпанда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №030240000329/250169/00 келісім шарты (әрі қарай-Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер вулкандалған резенке, конвейерлік лента, рәзеңкелі қоспаны (әрі қарай –Тауар) ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбеліккүн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Тапсырыс 17 ақпан 2025 жылы берілген.

Шарттың жалпы құны 2 360 708 теңге құрайды.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін толық орындамағанын, яғни тауар толық жеткізілмегенін

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады. Сонымен қатар, үш тауардың тек біреуі қабылдап алғанын, екі товар техникалық ерекшеліктерге сай болауына байланысты қабылданбағанын көрсетті.

Жауапкер өкілдері сот отырысында талап қоюды мойындамай, Тауар уақытылы жеткізілген, талап қоюшы бір тауар қабылдап, екі туар бойынша кемшіліктер уақытылы жойылған, алайда талап қоюшы тауарларды қабылдамай отырғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 8-бабының 4–тармағының 4) тармақшасына сай Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағына сәйкес шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады делінген.

Шарттың №1 қосымшасының талаптарына сәйкес жауапкер тауарларды ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбеліккүн ішінде жеткізуге міндеттенген, яғни 19 наурыз 2025 жылға дейін міндеттенген.

Алайда жауапкермен өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған, тек бір тауар талап қоюшымен қабылданған, қалған екі тауар қабылданбаған.

Жауапкер өкілдері сот отырысында осы мән-жайды жоққа шығарған жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 79-бабының 2-бөлігіне сай бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады.

Демек, бұл мән-жай жауапкермен мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамағанын көрсетеді.

Жауапкердің тауарлардың кемшіліктері жойылған деген талап қоюшы

Документ подписан: Аташева А. О., 19.08.2025
Дата вступления в законную силу: 19.11.2025, судья Аташева А. О., 02.12.2025
14712-25-3-6/259

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тауарларды қабылдамай отырған уәждерін сот негізсіз деп санайды, өйткені жауапкер тарапынан талап қоюшының іс әрекетіне шағым келтірілмеген.

Сонымен қатар, сот отырысында жеткізілген тауарлар техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмегені анықталды.

АПК-нің 72,73-баптарының талаптарына сәйкес жауапкермен сотқа талап қоюшының талабын теріске шығаратын дәлелдемелер табысталмады.

Заңның 8-бабының 4-тармағына сай осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қою арызын сотқа жолдаған.

Істің мұндай тұрғысында, сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Kaz Conveyor Systems» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Kaz Conveyor Systems» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Документ подписан: Аташева А. О., 19.08.2025

Дата вступления в законную силу: 19.11.2025, судья Аташева А. О., 02.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья А.О.Аташева

Документ подписан: Аташева А. О., 19.08.2025

Дата вступления в законную силу: 19.11.2025, Судья Аташева А. О., 02.12.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»